ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 01маусым іс №1912-25-00-2/925 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Ғалымов
сот отырысының хатшысы А.А.Қойтан отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық біріктірген азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Алматы облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ЖК Injy'» атынан әрекет ететін Молдыбеков Алимжан Оразбаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп беру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі М.И. Оханов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Талапкер) және «ЖК Injy'» (бұдан әрі – Жауапкер) арасында мемлекеттік сатып алу туралы Шарт (бұдан әрі-Шарт) 25 ақпан 2026 жылы №970740001291/260034/00 жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес Жауапкер DVD диск (бұдан әрі – тауар) жеткізу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдады. Шарт сомасы 84500 (сексен төрт мың бес жүз) теңгені құрады.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес Жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізуге міндеттенді, Шартқа қол қойылған күн 25 ақпан 2026 жыл.

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 08.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 09.07.2026, судья Галымов Д. М., 10.07.2026
1912-26-3-1/1034

Жауапкер Шартта көрсетілген 17 наурыз 2026 жылға дейін тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға міндетті болған, алайда міндеттемесін орындамады.

Талапкермен Жауапкердің атына Шарттың талабына сәйкес тауарларды жеткізу міндеттемелерін орындамауға байланысты шартты бұзу туралы хабарлама 18 наурыз 2026 жылы мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы жолданды.

Жауапкер міндеттемелердің шарт бойынша орындалмауына байланысты талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа жүгініп, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер пікір ұсынбады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі қойылған талаптарды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлансада сот отырысына қатыспады, оның себебін хабарламады. Сот оның қатыспау себебін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 196 бабы 4 бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені мүлдем орындамаған.

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 08.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 09.07.2026, судья Галымов Д. М., 10.07.2026
1912-26-3-1/1034

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Заңының 43 бабы 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Бұл ретте тұрақсыздық айыбы 84500*0,1%=84,50*20 күн= 1690,00 теңге.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарт бойынша алған міндеттеме орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 1690 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 2214 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 229, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Алматы облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Inju'» атынан әрекет ететін

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 08.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 09.07.2026, судья Галымов Д. М., 10.07.2026
1912-26-3-1/1034

Молдыбеков Алимжан Оразбаевич мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Injy'» атынан әрекет ететін Молдыбеков Алимжан Оразбаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Injy'» атынан әрекет ететін Молдыбеков Алимжан Оразбаевичтен мемлекеттік пайдасына 2 214 (екі мың екі жүз он төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж және 1690 (бір мың алты жүз тоқсан) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М. Ғалымов**

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 08.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 09.07.2026, судья Галымов Д. М., 10.07.2026